Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жалағаш жаршысы

№66 (9849)
20 тамыз, сенбі 2022 жыл

Газет 1934 жылғы 10 қаңтардан бастап шығады.

Бәрекелді!

КЕШЕ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ СЕРІК ҚОЖАНИЯЗОВТЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС XVIII СЕССИЯСЫ ӨТТІ. СЕССИЯНЫ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ ХАТШЫСЫ НАУРЫЗБАЙ БАЙҚАДАМОВ ЖҮРГІЗДІ. ЖИЫНҒА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ, БАСҚАРМА БАСШЫЛАРЫ ҚАТЫСТЫ.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Жерлестеріміз облыстың «Құрметті азаматы» атанды

Басқосуда күн тәртібіндегі 4 мәселе қаралды. Атап айтсақ, «Қызылорда облысының құрметті азаматы» атағын беру, Қызылорда облысындағы жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау, қалалар және елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың қағидаларын бекіту, облыстық сайлау комиссиясының құрамына өзгерістер енгізу және Қызылорда облысының әкімдігі жанындағы мемлекеттік рәміздер жөніндегі комиссияның дербес құрамына өзгерістер енгізу туралы.

Әр мәселе бойынша жауапты сала басшылары баяндама жасады. Жиында аппарат басшысының міндетін атқарушы Ерлан Қарабалаев депутаттарға «Құрметті азамат» атағына лайық деп ұсынылған азаматтардың еңбегі мен өңірге жасаған жетістіктерін кеңінен таркатты.

С.Қожаниязов ұсынылған 7 кандидаттың әрбірі Тәуелсіз Қазақстанның даму жылнамасында өзіндік із қалдырып, мемлекет мүддесіне қызмет етудің абыройлы жол екенін дәлелдеп, қоғам құрметіне ие болған тұлғалар екенін айтып, депутаттарды қолдауға шақырды.

– Биыл үміткерлердің саны көп көрінуі мүмкін. Бұл атаққа кезінде осындай көлемде бірнеше рет ұсыныс жасалып, берілген болатын. Құрметті атаққа лайықты қайраткерлеріміз жеткілікті. Осы уақытқа дейін жинаған абыройларының жемісін көргені жақсы дәстүр деп санаймыз.

Бұл марапаттарды атаулы күндерде, яғни педагогтердің Тамыз мәслихаты, Конституция күнінде, «Алтын Күз» және «Рәміздер күнінің 30 жылдығы» сынды мерекелік даталарда салтанатты түрде табыстайтын боламыз, – деді С.Қожаниязов.

Айта кетейік, бұл атаққа ұсынылған кандидаттар арасында саналы ғұмырын білім саласына арнаған қос ардагер Төлепберген Қасымов пен Марк Подольский, ауыл шаруашылығы саласының дамуына сүбелі үлес қосып, ел игілігі жолында қызмет еткен Жарылқасын Шәріпов, белгілі сәулетші, ҚР Мемлекеттік Елтаңбасының авторы Жандарбек Мәлібеков пен Түркі әлеміне ортақ жауһар туындылардың әлемге танылуында және кейінгі ұрпаққа насихаттауда айрықша қолтаңбасы бар профессор Алмасбек Алматов бар.

Сонымен қатар жерлесіміз, А.Сызғанов атындағы ұлттық хирургия орталығының директоры, ғалым Болатбек Баймаханов пен туған жерді түлетуге зор үлес қосқан кәсіпкер Имамзада Шағыртаев ұсынылды.

Депутаттар барлық кандидаттарды лайық деп танып, қолдап дауыс берді.

А.Сызғанов атындағы ұлттық хирургия орталығының директоры, ғалым, жерлесіміз Болатбек Баймахановтың медицина саласына қосқан қомақты үлесін аудан халқы ғана емес, жалпы қызылордалықтар жақсы біледі деген ойдамыз. Алдына келген науқасты дертінен айықтыруда қажырлы еңбек еткен атпал азамат өнегелі өмірімен кейінгі буынға, саладағы жастарға үлгі болуда.

Жерлесіміз, ауданның Құрметті азаматы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі Болатбек Баймахановтың расында аталған саланың қарыштап дамуында өзіндік қолтаңбасы бар. Абырой биігіндегі азаматтың ұзақ жылдарғы қызметі мен еселі еңбегі бүгінде жемісін беруде. Қазақ – қашаннан «Бейнет түбі зейнет» дейтін халық. Бірауыз сөз болғанымен, астарына үңілсеңіз тәрбиелік, тағылымы мол, мән-мағынасы терең ой жатыр мұнда. Болатбек ағамыздың мұнан кейін де биігі жоғарыламаса, аласармайтыны анық. Өйткені ел үшін еткен еңбек, еселеп қайтады. Жерлесіміздің жемісті жылдардағы жеткен жетістігі ауданымыздың да бір белесі деп білеміз.

Ал әрбір игі істің басы-қасында жүріп, бүтін бір ауылдың абаттануына, әлеуетінің артуына, тәуелсіздік жылдары Таңның түлеуіне атсалысқан Имамзада Шағыртаевтың да бұл атаққа әбден лайық екені анық. Қазір Таң ауылында оның бастамасымен жүзеге асқан әрбір жарқын жоба сондағы халықтың қажетіне жұмыс жасап тұр. Алдына ұлы мақсат қойып, сол мақсатқа жету жолында адал еңбек етіп, кейінгі буынға өнегелі өмірімен үлгі болып жүрген ағаларымызға бұл – берілген лайықты баға.

Ел жаңалықтары

Жеңілдетілген автонесие: Тағы 10 млрд теңге бөлінді

Индустриялық даму қоры жеңілдетілген автонесие бағдарламасының жүзеге асырылуы туралы айтты. «Индустриялық даму қоры жеңілдетілген автонесие бағдарламасы аясында «Еуразиялық банк» АҚ-қа қалған 10 млрд теңге лимитті бөлді» делінген хабарламада.

ИДҚ бағдарламаға қатысушы банктерді 100 миллиард теңге көлемінде қаржыландырды. Оның ішінде «Еуразиялық банк» АҚ – 35 млрд теңге, «Банк ЦентрКредит» АҚ – 27,5 млрд теңге, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ – 22,5 млрд теңге, «Forte Bank» АҚ – 15 млрд теңге.

Аталған қордағылар бүгінде бағдарлама бойынша автокөлік сатып алуға 31 538 өтініш қабылданып, 95,517 млрд теңгеге 12 483-і мақұлданғанын айтады. Сондай-ақ олар 77,068 млрд теңгеге 10 015 автокөлік берілгенін жоққа шығармайды.

Бүгінге дейін автокөлік сатып алуға түскен өтініштерге келсек, көпшілігі мына Алматыдан 7031, Нұр-Сұлтан қаласынан 5381, Шымкент қаласынан 4664, Қостанай облысынан 2465, Қарағанды облысынан 2109, Шығыс Қазақстан облысынан 1732, Павлодар облысынан 1442, Ақтөбе облысынан 1144, Жамбыл облысынан 1112, Қызылорда облысынан 815, Маңғыстау облысынан 720, Атырау облысынан 616, Батыс Қазақстан облысынан 594, Ақмола облысынан 571, Солтүстік Қазақстан облысынан 524, Алматы облысынан 470 және Түркістан облысынан 148 өтініш түскен.

ИДҚ жеңілдетілген автонесие бағдарламасы 30 жылға есептелгенін айтады. Бөлінген лимит толық игерілгеннен кейін автонесие бастапқы қарыз алушылардың өтелген несие төлемдері есебінен беріледі екен.

Қор өкілдерінің сөзінше, жеңілдетілген автонесие бағдарламасы бойынша револьверлік механизмді биыл қыркүйекте іске қосу жоспарланған. Одан кейін қатысушы банктер автонесие алуға өтінімдерді жинауды жалғастыратын көрінеді.

Ауыл тынысы

Ауылдарда ауқымды жобалар атқарылады

Тіршілігін Жер-Анамен байланыстырып, қолда барға қанағат етіп, жоққа сабыр қыла білетін ауылдардың өз еншісі өзінде болғанымен, өңірден қолдау күтетіні анық. Ал ауданның бюджеті бүйірін толтыра қоймаса да, аудан басшылығының іскерлігі мен табандылығының арқасында биылдан бастап елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық жағдайы артып, дамуы бір жолға қойылмақ.

Апта басында елді мекендерді аралап, халықпен кездескен аудан әкімі Асқарбек Есжанов бірнеше жылға арналған ауданға қарасты ауылдарды дамыту жобасы аясында күрделі жұмыстар атқарылып, қордаланған мәселелер шешімін табатынын айтты. Аудан басшысының нақтылық пен жүйеге құрылған жоспарынан тағы бір мәрте хабардар болған тұрғындардың көңілдері тоқ деуге болады. Өйткені аудан әкімі осыдан бірнеше ай бұрын ауыл-ауылды аралап, алдағы жұмыстар сараланғанда айтылған жобалар бүгінде қолға алына бастады.

Сейсенбі күні аудан әкімінің елді мекен халқымен кездесуі кент орталығынан шалғай жатқан Жаңадария ауылында басталды. Елді мекенде ауыз толтырып айтатын атқарылған жұмыстар аз емес. Олай айтуымыздың себебі осыдан біраз бұрын ауыл тынысынан хабардар болу мақсатында ат ізін салып, біраз жаңалықтан құлағдар болып қайтқанбыз.

«Жаңадарияда қазіргі таңда 50 кәсіпорын жұмыс жасап тұр. Олардың ішінде пластик терезе шығаратын шағын цех, тігін шеберханасы секілді өндіріс орындары да бар. Жалпы жергілікті халық бұрынғыдай емес, кәсіпте береке бар екенін жақсы түсінген. Сондай-ақ ауыл халқының әлеуетін жақсартуда кәсіпкерлікке бетбұрамын деушілерге қолдау көрсетіліп, мемлекеттік бағдарламалардың тиімді тетіктері ұсынылуда. Алдағы уақытта да бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын таба бермек. Бастысы атқарылар шаруа көп, жоспар бар, мақсат айқын. Ауыл тұрғындарымен бірлесіп, әлі талай жарқын жобалар мен игі істерді қолға аламыз деп ойлаймын» деген еді ауыл әкімі Асхат Мәжитұлы.

Иә, расында, жаңадариялықтар ауылдың болашағынан үлкен үміт күтеді. Бұл ретте жақында сайланған ауыл әкіміне артар сенімдері зор. Жас келсе, іске демекші, жас әкімнің ынта-жігері жоғары болса, аудан басшылығы тарапынан қолдау мен көмек толастамақ емес. Өйткені аудан әкімінің осында басшылыққа келгелі бері назар аударғаны – осы – елді мекендердің еңсесін тіктеу. Сондықтан ауыл әкімдеріне өздері иелік ететін елді мекенді дамыту, көркейту жолында жарқын жобаларды, тың идеяларды жүзеге асыруға мүмкіндік бар. Тіпті аудан әкімі өз қызметін асқан жауапкершілікпен атқарып, жақсы нәтижеге жеткен ауыл әкіміне қосымша бюджеттен қаржы қаралатынын және сол қаражат арқылы ауылын гүлдендіруге толықтай мүмкіндік болатынын айтты. Бұл әзірге сізге де, бізге де білгесіз дүние, уақыты келгенде үздік жұмыс жасап, өзгеге үлгі бола білген ауыл әкімі кім екенін біле жатармыз. Ал Жаңадария ауылындағы орталық көшеге асфальт төселіп, ауыл тұрғындарының жүріп-тұруын біраз жеңілдеткенін бұған дейін де тілге тиек еттік. Жалпы ұзындығы 1 237 шақырымды құрайтын бұл жолдың орташа жөндеуіне өңір тайқазанынан 40 млн теңгеге жуық қаражат қаралған. Бас мердігер «Қызылорда Жолдары» ЖШС төсеген асфальттың сапасы жоғары. Бір қызығы, бұл – ауылда елу жылдан аса уақыттан бері асфальт төселген бірінші көше. Тек тұрғындар аяқ су мәселесі мен ауылдың учаскелік инспекторының жұмысына көңілі толмайтынын жеткізді. Сондай-ақ ауданнан шалғай жатқан елді мекендегі білім ошағының ғимараты да күрделі жөндеуді қажет етеді. Ауыл ақсақалдарының білім ошағына қатысты айтқан ұсынысы орынды-ақ. Себебі балалар білім алатын ғимараттың сапалы әрі қауіпсіз болуы бірінші орындағы мәселе. Аудан әкімі бұл мәселе төңірегінде бүгін ғана естіп-білген жоқ, әрине. Өңір басшысы бұған дейін де мектептің күрделі жөндеуден өтетінін айтқан болатын.

Айталық, биылдың өзінде ауданда 5 млрд теңгенің түрлі жобасы жүзеге асады. Ол жобаларда әрбір елді мекеннен кемінде 3-4 ішкі көшенің жөндеу жұмыстары қамтылмақ. Биылдың өзінде Жаңадарияда Абай, Достық, Қ.Сәтпаев және Жаңадария көшелеріне жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Мұны естіген ауыл халқының да қуанышында шек жоқ.

Асқарбек Темірбекұлы кездесуде тұрғындар тарапынан көтерілген әрбір мәселе назарға алынатынын жеткізіп, алдағы уақытта оны кезең-кезеңімен шешуге жұмыс жасалатынын жеткізді. Өз кезегінде ауыл ақсақалдары ауданда атқарылып жатқан әрбір жобаны, жүйелі жұмыстың жайын баспасөз беттерінен оқып-біліп отырғанын айтып, жақсы істің жанында жақсы адам жүретінін назарға салды. Бұл елді мекеннің ауданға қатынайтын Жаңадария-Есет батыр аралығындағы жолдың да жөндеу жұмыстары басталып кетті. Енді аудан мен ауыл арасын жалғайтын қоғамдық көліктерге ешқандай қиындық туындамайды деп ойламаймыз.

2,3 →

Директорлар жалақысы өсуі мүмкін

Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов педагогтердің республикалық тамыз конференциясында мектеп пен колледждерде директорлардың тапшылығы байқалып отырғанын айтты.



– Мектеп пен колледждерде, балабақшаларда білікті директорлардың тапшылығы байқалып отыр. Қазіргі кезде біраз орын бос тұр. Әрине, мұғалімнің еңбегі мен біліктілігі өте маңызды. Бірақ барлық мәселені шешкенімен, білікті әрі білімді директор болмаса, онда басқа жасалып жатқан жұмыстар тиісті нәтижесін бермейді. Директорлардың жалақысы мұғалімдермен салыстырғанда аз екені белгілі, – деді Асхат Аймағамбетов.

Осы орайда министр директорларға үлкен жауапкершілік жүктелетінін еске салды.

– Оларға түрлі айыппұлдар салып кетеді. Ата-аналармен және мұғалімдермен жұмыс істеу керек. Алайда директорлардың алатын жалақысы өте төмен. Сондықтан осы бағытта жаңа оқу жылында бұл мәселені шешу тұрғысында тиісті жұмыстарды атқарамыз. Қазір 400-ден астам директор жаңа оқу орындарына барып, жұмысын жалғастырып жатыр. Осы әріптестерімізге үлкен алғысымды айтқым келеді, – деді ведомство басшысы.

Ауылдарда ауқымды жобалар атқарылады

Аудан әкімінің сапары Жаңадариямен көршілес Есет батыр ауылында жалғасып, ауылда алдағы уақытта атқарылатын жұмыстарға шолу жасалды. Халықпен ашық әрі еркін түрде сұхбаттасқан өңір басшысы мүмкіндігіне қарай тек нақты жұмыстарды айтып, жоспардағы істердің жүзеге асатын уақытынан хабардар етті.

Есет батырда 5 көше асфальтталады

Кешегі аудан әкімінің сапарында Есет батырлықтардың талап-тілегін, ұсыныс-пікіріне зер салған біз анау айтарлықтай мәселенің шетін көрмедік. Ал ауылда ауыз суға қатысты мәселе жоқ, десе де бірқатар ішкі көшенің сапасы сын көтермейтіні жасырын емес.

Қашаннан берекелі тірлік бірлікпен бітетінін айтқан Асқарбек Темірбекұлы Есет батырлықтар үшін де алдағы жылдары игі істер қолға алынатынын айтып, тұрғындардың көңілін бір демдеді. Бұл ауылдағы назарға алатын мәселе осындағы медициналық қызмет көрсететін дәрігерлік емхананың талапқа сай емес екені. Бұл туралы аудан әкімінің ауылдарға жасаған алғашқы сапарында да сөз болған еді. Бірақ емхананың хал-жайымен танысқан аудан басшысы міндетті түрде жәрдем болатынын жеткізген болатын. Бұл жолы да Есет батырлық ағайынға алаңдауға негіз жоқ десе де болады. Өйткені биылдан бастап кезең-кезеңімен емхана жайы, ауыз су, аяқ су, электр желісі және ішкі бірнеше көшенің күрделі жөндеуі іске асырылады.

Ал жуырда күрделі жөндеуден өтіп, ел игілігіне берілген ауыл мектебінің өзі мемлекеттің қолдауы білім саласына келгенде толастамайтынын білдіреді. Бұл ретте «Мемлекет қомақты қаражат бөліп, үлкен қолдау білдіретін саланың бірі – білім. Соның жемісін аламесектік ағайындар да көріп отыр. Жуырда күрделі жөндеуден өткен бұл ғимаратта балалардың білім алуына барлық жағдай жасалыпты. Енді мейлінше білім сапасына басымдық беруіміз керек. Себебі елдің келешек тұтқасы – осындай өскелең ұрпақтар. Бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыруға мемлекет бар жағдайды жасап отыр. Енді осыны тиімді пайдалану керек» деген өңір басшысы ол үшін оқушыларға берілетін білім сапасына басымдық беруді атап өтті. Асқарбек Темірбекұлы ауданды дамытудың 3 жылдық жоспарында аталған ауылды дамыту да бар деді.

Әкім сапары Еңбекте жалғасты

Аудан әкімі Асқарбек Есжанов ауылдық елді мекендерге жасаған жұмыс сапары барысында Еңбек ауылдық округінде де аялдады. «Еңбек-Жер» ЖШС төрағасы Шакизатхан Ысқақовтың ауылды абаттандыруға, елді мекеннің еңсесін тіктеуге бағытталған жобаларына жоғары баға берген аудан әкімі ауылдық мәдениет үйінде жергілікті халықпен жүздесті.

Ақсақалдар тарапынан айтылған мәселе бейберекет жайылған малдың егістікке зиян келтіріп отырғаны. Шаруашылық иелері өз иелігіндегі ірі қараны жайылымдық жерлерге ғана жіберуі керек. Болмаса өз иелігіндегі жерлерді жайылымдық жер қылулары тиіс. Бірақ бұл қанша уақыттан бері көтеріліп келе жатқанымен, тұрғындардың бірлікгімен шешілетін мәселе екенін түсіну керек. Ауыл әкімі осы ретте белсенділік танытып, ауылдағы ағайынның басын біріктіріп, пада ұйымдастыруды қолға алса, мал ұрлығының да алдын алуға болады, бөтеннің бақшасын аяғымен бір, аузымен екі асайтын ірі қараға тосқауыл қойылады. Барлық іс тек бюджетпен шешілмейді. Ауылдың ауызбіршілігімен де реттеуге тура келетін осындай істер болады. Мұндайда ауыл ақсақалдарының ақылы мен ел ағаларының кеңесі ауадай қажет. Ал аға буынның кеңесіне құлақ түріп, игі істі жалғап әкететін адам болса, көп мәселенің түйінін тарқатуға болады. Ал кешегі Еңбектегі кездесуде аудан әкімінің айтқаны биыл аталған елді мекенде 3 көше, келер жылы тағы 3 көше жөндеуден өтеді. Ауылда ауыз судан мәселе жоқ, ал электр желілерін жаңарту жұмыстары келер жылдың еншісіне қалдырылған. Тұрғындар көгілдір отынның игілігін 2025-ке қарай көретін болады. Әзірге кезек күттірмейтін мәселелер қолға алынбақ.

Жалпы еңбекпен еңсе тіктеген елді мекеннің бүгінгі тірлігі тындырымды, шаруасы ширақ. Халқы да бірлікті ту етсе, ауыл әкімі елді мекеннің гүлденуіне жүйелі жұмыс атқаруда. Кездесуден түйгеніміз, елді мекенде жүйелі жұмыс бар, бірақ алдағы уақытқа жоспар да жоқ емес. Сәуір айынан бастап ауылдың ішкі аяқ су жүретін арықтары күл-қоқыстан тазартылса, қай кезде де елді мекенде тазалыққа аса мән беріліп келеді. Ауыл әкімінің өткен жылғы халықпен кездесуінде Қ.Адаев көшесінің 15 жылдан бері бір фазамен жұмыс жасап, электр энергиясының күші өте аз екені айтылып, жаңа трансформатор орнату мәселесі көтерілген болатын. Аталған мәселе бойынша биыл мамыр айында көшеге Сырбай ата көшесіндегі трансформатордан үш фазалық электр энергиясы тартылған. Әсіресе өңірдің өрісін кеңейтіп, ауылды абаттандыру бағытында серіктестік басшылары тарапынан атқарылып жатқан жұмыстар Еңбек ауылында анық байқалады.

Айта кететін болсақ, «Еңбек-Жер» ЖШС төрағасы Шакизатхан Ысқақов бұған дейін ауылдың үстімен өтетін үлкен жолға жарық бағаналарын орнатып, елді мекен ішінен бірнеше балалар ойын алаңын салуға қолғабыс етті. Қазір ауылдың ажарын айшықтап, елдің әлеуетін арттырар барлық жобада жомарт жанның қолтаңбасы бар десек, қателеспейміз. Шакизатхан Ысқақовтың бір ғана шаруашылықпен бүтін бір ауылдың қажетіне жарап, өңірді өркендету жолында жарқын жобаларды қолға алғаны кейінгі буынға үлгі болары анық. Әр жылдардағы күзгі науқанның уақытында шаруашылықтағы дала дарабоздарының еңбегін лайықты бағалап, олардың әлеуметтік жағдайына да көңіл бөлген атпал азаматпен аққошқарлықтар мақтанады. Бір қуантарлығы, туған жерге тағзым етіп, елдің алғысын алуды көздеген ауыл жанашырының Еңбекте жүзеге асырар жұмыстары жалғасын тауып келеді. Ал осындай ел үшін еңбек етіп жүрген ел ағасының елеуліісін жалғастырып жүрген, әлеуметтің әлеуетін арттыруда жүйелі жұмыстарды атқарып жүрген ауыл әкіміне елінің айтарлықтай өкпесі жоқ екенін білдік. Бастысы ауылда тіршіліктің көзі бар, ауызбіршілік бар, үйлесімді тірлік бар. Қалғаны кезең кезеңімен жүзеге аса беретініне сенеміз.

Аққұмда жол құрылысы қарқын алады

Қай елді мекенге табан тіресең де, халықтың айтар уәжі – аяқ судың тапшылығы мен ішкі көшелердің сын көтермейтіндігі. Ауданға қарасты ауылдардың тыныс-тіршілігінен жиі хабардар болып отыратын біздер үшін бұл таңсық емес. Алайда бұл сөзімізбен мәселенің шешімі жоқ демейміз. Аудан әкімі Асқарбек Есжанов та апта басындағы аққұмдық ағайынмен кездесуінде ішкі көшелерге баса мән берілетінін айтты. Яғни алдағы 3 жылда Аққұмдағы 10 көшенің сапасына мән беріледі екен. Тіпті ол ауданның 3 жылдық даму жоспарында қамтылған. Демек бұл мәселе шешімін тауып, халықтың талап-тілегі орындалатын күннің де ауылы алыс емес секілді.

Әрине тұрғындармен кездесу болған соң, мәселенің айтылмауы мүмкін емес. Ауыл халқы көкейлерінде жүрген бірнеше мәселенің шетін шығарып, шешілу жолын сұрады. Мәселелердің дені көшеге жөндеу жұмыстарын жүргізу, жарықтандыру жұмыстары мен аяқ судың тапшылығы төңірегінде өрбіді. Әсіресе кей көшелерге жарықтың өте қажет екенін айтқан тұрғындар балалары үшін алаңдайтынын жасырмады. Алда оқу маусымы келе жатқандықтан кешкісін мектептен қайтатын жасөспірімдер тастай қараңғы көшелермен жүретін болса, ата-аналардың уайымы күшейетіні айтпаса да белгілі.

Елді мекенге көгілдір отын кіргізу жобасының қолға алынатыны аққұмдықтарды қуантты. Биылдың өзінде кент іргесіндегі Ақсу ауылы мен дарияның бергі бетінде орналасқан М.Шәменов ауылына газ кіргізу жобалары дайындалса, дәл осы қос елді мекен арқылы алдағы уақытта Бұқарбай батыр, Аққұм, Қаракеткен, Таң ауылдарына көгілдір отын жеткізу жоспарда бар.

Жалпы ауданның 3 жылдық даму жоспарында әрбір елді мекенде халықтың көкейінде жүрген мәселелерді шешу көзделгенін байқаймыз. Мәселен, бір ғана Аққұм ауылында тұрғындар тарапынан көтерілген барлық мәселенің шешімі әлгі жобада толық қамтылыпты.

Таңда тындырымды тірлік бар

Үлкен жолдан түсіп Таңға жақындай бастағаннан қайнаған қызу еңбектің үстінен түстік. Ауылдың кіреберісінен басталған қарқынды тірлік көрген көзге қуаныш сыйлайды. Еріксіз сүйсінесің, ауылдың ажарына таңдай қағасың. Иә, барды бар деп айту керек қой, Таң ауылында тындырымды тірлік көп екеніне көз жеткіздік.

Аудан басшысы Асқарбек Есжановтың ауылдық елді мекендерге жұмыс сапары Таң ауылында қорытындыланды. Алдымен мәдениет үйінде тұрғындармен жүздескен өңір басшысы 3 жылдық ауданның даму жоспарын кеңінен тарқатып, оның ішінде ауылдық елді мекендер мәселесін шешу де қамтылғанын жасырмады. Ал ауыл тұрғындары болса, аудан әкіміне де, ауыл әкіміне де тағатын мін жоқ екенін айтып, тек қана береке мен бірлік тіледі. Расында солай-ақ, Таңда анау айтарлықтай мәселенің жоқтығын кіреберістен-ақ бірден аңғардық. Айналамызға шолу жасаған әріптесім екеуміз мұнтаздай таза көшелер мен жасыл-желектің, түрлі-түсті заманауи үлгімен салынған қоғамдық маңызы бар нысандардың ауыл ажарын арттырып тұрғанына және ауыл әкімінің іскерлігін көпке үлгі қыларлықтай екен дедік.

Айта кетейік, бағана сөз басында тілге тиек қылған газ кіретін елді мекендер қатарында Таң да бар. Жергілікті халықты қуанышқа бөлеген басты жаңалық та бүгін осы болды. Бұл ауылдың халқы шынында не айтсын?! Көшелері айнадай, балабақшасы тағы бар, мектебі күрделі жөндеуден өткен, ауылдық емхана құрылысы аяқталуға жақын. Жалпы ауылды абаттандыру және халықтың тұрмыс сапасын арттыру мақсатында атқарылған жұмыстар легін тарқатамын десек, жазар дүние көп.

Бір ғана облыстық мәслихат депутаты, ауылдағы «Таң ЛТД» ЖШС төрағасы Имамзада Шағыртаевтың туған жерді түлету мақсатында жүзеге асырған жарқын жобалары қаншама. Бастысы ауылда береке бар. Оның да ауызбіршіліктің арқасында келгенін біз жақсы білеміз.

Іргелес жатқан бірнеше елді мекеннің тыныс-тіршілігін бағамдап, тұрғындардың талап-тілегіне құлақ түріп, мәселенің шешімінен хабардар еткен, ауыл ақсақалдарының ақ батасын алған өңір басшысының бүгінгі жұмыс сапарын аяқтады.

Талабы таудай тіректі ауыл

«Ауылдан адам көшкенмен, адамнан ауыл көшпейді» демекші, ауыл – әрқайсымыздың алтын бесігіміз. Суын ішіп, топырағында аунаған халқымыздың ертеден-ақ ежелгі мекені ауыл болғаны анық. Сол себепті елімізде соңғы жылдары ауылдарды дамытуға ерекше көңіл бөліне бастағаны әсіресе ауыл халқына аян. Бұл – құптарлық жайт. Өйткені ауыл өркендемей, ел өркендемейді. Осы орайда сәрсенбіде аудан әкімі Асқарбек Есжанов Мемлекет басшысының әкімдердің тоқсан сайын ауыл тұрғындарымен кездесулер өткізу туралы Жарлығына сәйкес ауданға қарасты Аққыр, Жаңаталап, Мақпалкөл, Мәдениет, Мырзабай, Бұқарбай батыр ауылдық округтерінің халқымен ашық, еркін

форматтағы кездесулер өткізіп, елді мекендердің өзекті мәселелерін шешудің жолдарын ақылдасты.

Таң атысымен аудан басшысы Аққыр ауылына ат басын бұрды. Білім ордасының ауласында көкейіндегі сұрақтарды, шешімін таба алмай жүрген мәселелерді аудан басшылығына жеткізуге, ауыл үшін атқарылып жатқан жұмыстармен танысуға жиналған ауыл тұрғындарының қарасы көп көрінді. Асқарбек Есжанов өз сөзін ауыл халқы үшін маңызды әрі жағымды жаңалықпен бастады. Ауыл осы жылдан бастап «Тірек ауылдар мен аудан орталықтарын дамыту» бағдарламасына енгізілген. Бұл дегеніміз тұрғындарды жұмыспен қамту және әл-әуқатын жақсарту мақсатында инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асырылатынын, сонымен қатар кәсіпкерлікті дамыту мақсатында өндіріс орындары ашылу секілді істердің белең алатынын көрсетеді. Мәселен, биыл ауыл ішіндегі бір көше асфальтталса, келер жылы ауылға кіреберіс жол толықтай жөндеуден өтеді, сондай-ақ 100 орындық жаңа клубтың құрылысын жүргізу жоспарланған.

Аудан әкімі өз сөзін қысқа да нұсқа қайырды, оның орнына ашық аспан астында тұрғындардың сауалдарын тыңдап, әңгімелесу форматында өткізуді жөн көрген. Аққыр ауылдық округіндегі емхана ғимараты жаңа. Жұмысы жүйелі. Бірақ аққырлықтарды ауылға бас дәрігер тұрақтамайтыны қынжылтады екен.

– Ауру айтып келмейтіні рас, қан қысымымен ауыратын қарт кісілеріміз аяқ-астынан жағдайлары нашарлап жатса, дәрігер таппай қалатынымыз бар. Аудан орталығы біз үшін тым алыс, – дейді ауыл тұрғындары.

Асқарбек Темірбекұлы бас дәрігерге осы мәселелерді қаперге алуды қатаң тапсырды және емхананың ішкі ұсақ-түйек жөндеу жұмыстарына қызметкерлер мән беру керектігін ескертті. Сонымен қатар емханаға оттегі аппаратын қоюды талап етті.

Осындай жағымды жаңалықты естіген аққырлықтардың қуанышында шек болмады десек артық айтпаймыз. Әрине халық болғасын қиындықтың да мәселенің де болатыны белгілі, бірақ ауыл тұрғындарының бірлігі бекем, тірлігі тиянақты, ең бастысы болашақтан үміті мол.

Кездесу соңында аудан басшысы ауыл әкімі Жаңабек Матаевқа ауыл халқының әлеуметтік әлеуетін жақсарту бағытындағы жұмыстарды әлі де жандандыру жөнінде бірқатар тапсырма берді.

Аяқ су мәселесі шешімін таппақ

Өңір басшысының ауыл халқымен кездесуі белгіленген кестеге сәйкес, Жаңаталап ауылында жалғасты. Ауылда атқарылатын істердің мән-жайымен танысуға, шешімін таппай жүрген мәселелерді жеткізуге жаңаталаптықтар ауылдық клубқа таңертеңнен жиналып алыпты. Ауылдық клуб ғимаратының тозғаны сондағы жиналған халыққа ғана емес, аудан басшысының осыған дейін көзіне түсіп жүрген жайт. Өйткені Асқарбек Темірбекұлы кездесу басынан ауылдық клуб ғимараты бойынша мәселенің шешімін табылатынын сөзге тиек етті. Аудан басшысының сөзінше, 2023 жылға ауылда жаңа клуб құрылысы жоспарланып, жоба-сметалық құжаттарды әзірлеу жұмыстары басталған.

Жаңаталап ауылының негізгі кәсібі – егін шаруашылығы. Мыңға жуық халқы бар шағын ауылда биыл аяқ су тапшылығы байқалған. Ол қиындыққа да мойынсынбаған ауыл халқының көбі биыл ауласына бақша дақылдарын егіп, мол өнімнен үмітті көрінеді. Сонымен қатар тұрғындар тарапынан жайылымдық жер тапшылығы сөз етілді. Жаңаталаптың айналасындағы жерлердің көп бөлігі бірнеше жыл бұрын сырттан келген инвесторлардың меншігіне өтіп кеткен. Алайда ол аймақтың көбі мақсатты бағытта пайдаланылмай, мал өрісін тарылтып, жайылымдық жердің жетіспеуі байқалады. Сондай-ақ интернет желісі жылдамдығының төмендігі сөз болды. Аудан басшысы айтылған мәселелер бойынша тиісті бөлім басшыларына және ауыл әкімі Қуаныш Әбдіхалықовқа зерделеп, зерттеуді тапсырды. Келесі жылы аяқ суды ретке келтіру үшін техникалық скважина салып беруді Асқарбек Темірбекұлы уәде етті.

Кездесуден кейін Асқарбек Есжанов №119 орта мектептің ішкі жұмысымен, алдағы оқу жылына дайындық барысымен танысып, ұстаздармен жүздесті.

Түтіні түзу, тірлігі тиянақты

Жасы да, кәрісі де еңбекке араласып, тынымсыз тірлігіне кіріскен Мақпалкөл ауылының тұрғындары ауыл дамуы үшін атқарылатын ауқымды істерден дәмелі. Өйткені елді мекенде бірнеше жоба жұмысын бастамақ, нақтырақ айтсақ, ауыл инфрақұрылымы толықтай жаңартылады. Бұл туралы Асқарбек Есжанов ауыл халқымен кездесуінде мәдениет үйінде жиналған мақпалкөлдіктерге жеткізді. Оның ішінде елді мекенді аяқ сумен қамтамасыз ететін каналдарды қазу, көшелерді абаттандыру мен көркейтіп-көгалдандыру жұмыстары болмақ. Сонымен қатар "Өңірлерді дамыту – 2025" бағдарламасы шеңберінде А.Қожахметұлы көшесін жарықтандыруға қаржы қаралып, жобалау-сметасын қайта түзету, сараптамадан өткізу жұмыстары жүруде.

Ауыл тұрғындары тарапынан электр бағаналарының нашарлығы, электр қуатының төмендігі айтылды. Сондай-ақ жайылымдық жер, ауыз су мәселесі туралы сауалдарын қойды. Жайылымдық жер жетіспей жатқанда, шаруа қожалықтары жерлерін өртеп, халық мал азығы болатын көктен құр қалып жатады екен.

– Қыркүйек айында ауылда электр желісінің бағаналарын толықтай қайта жаңарту бойынша жұмыстар басталады. Сапалы электр қуатын тұтынатын күн де жақын. Жайылымдық жерге тоқталатын болсақ, жерді тексеруге біздің заңдық құқығымыз болмады, 2023 жылдың қаңтарына дейін мароторий жарияланған. Жасыратыны жоқ, кезінде инвесторлар 100, 500, 1000 гектарлап жерлерді алып алды. Қазір сол жерлер пайдаланып жатыр ма, қандай мақсатта, сондай-ақ кімнің қанша малы бар, малы болса, жайылымдық жері бар ма? Осы сұрақтарға жауап алу үшін қазіргі уақытта жігіттер жұмыс істеп жатыр. Осы жұмыстарды аяқтап боламыз, сол кезде осы жерден жайылымдық жер мәселесінің жауабы табылады. Ал бос тұрған жерлер болса, мемлекетке қайтарылып, жайылымдық жерге беретін боламыз. Жалпы ауылдағы перспективті бастамалар мен тындырымды жұмыстар қатары жеткілікті. Ендігі мақсатымыз жоспарланған істердің уақытында жүзеге асып, ел игілігіне берілуі. Әрине бұл тұста ауыл әкімінің іскерлігімен қоса, ауыл халқының бірлігі де сыналмақ. Ал өзіміздің тарапымыздан шешілетін мәселені аяғына дейін жеткіземіз. Дер кезінде шешімі табылмайтын мәселе болса, оны да айтамыз, – деді аудан басшысы.

Жайылымдық жерлерді өртеу туралы сауалға аудандық жер қатынастары басқармасының басшысы Бабаназар Байболовқа жауап беруді тапсырды. Тиісті сала басшысының айтуынша, бидай, жоңышқа егілген жерді ротациялау талабы бойынша міндетті түрде өртеу керек екен, ал күріш егілген жерді шаруа қожалығының төрағаларымен келісіп, өртемеуге болатынын түсіндірді.

Кездесуден кейін аудан басшысы №117 мектепке және ауылдық емханаға барып, жұмысымен танысты.

← 1

Ауылдарда ауқымды жобалар атқарылады

Мақсаты айқын, жоспары жүйелі

Аудан әкімі Асқарбек Есжановтың елді мекендерге сапары Мәдениет және Мырзабай ахун ауылдарында жалғасын тапты. Мәдениет ауылы – тынымсыз тірлік жүріп жатқан елді мекендердің бірі. Оның дәлелі ретінде ауылды көркейту, дамыту жолында жыл сайын жүйелі жұмыстар атқарылып жатқанын айтуға болады. Айта кететіні, бірнеше жыл бұрын мәдениеттіктер үшін мерейлі жыл болыпты. Бірнеше жаңа ғимарат пайдалануға берілген Мәдениет ауылы үшін сол кез тарихи оқиғаларға толы болды. Ауыл орталығынан 90 орындық балабақша, 150 орындық клуб және спорт кешені бой көтерді. Ауыл көркін аша түсетін, халқына берер пайдасы мол 90 орындық балабақша ашылып, көпшілікті бір қуантып тастады. Ауылда 150 орындық жаңа ауылдық клуб ғимараты бой көтеріп, елді мекен мәдениетін әрі қарай дамытуға серпін берді. Мәдениеттіктер сол жылы тағы бір жаңа нысанның ашылуының куәсі болды. Елді мекенде жаңа спорттық кешен бой көтеріп, ел игілігіне пайдалануға берілді. Спорт кешенінің ашылуы әсіресе ауыл жастарына үлкен қуаныш сыйлады. Тағы бір ауыз толтырып, мақтана айтатын жайт көрнекті қоғам қайраткері І.Қабылов атындағы №32 мектеп-лицейдің биылғы бітірген түлектері 100 пайыз жоғары оқу орнына түскен.

Аудан басшысының сөзінен кейін мәдениеттіктердің көтерген мәселелерінің дені аяқ судың жетіспеушілігі мен жайылымдық жер аясында болды. Бұл ретте тиісті сала басшыларына қатаң тапсырма берген аудан әкімі Асқарбек Темірбекұлы ең әуелі тұрғындардың тұрмыс-тіршілігіне кедергі болмауы керек екенін және барлық жұмыс жүйелі түрде жүргізілуі қажеттігін атап өтті. Аудан әкімі кездесуде алдағы уақыттың еншісінде Мәдениет ауылындағы аяқ су мәселесінің түбегейлі шешілуі мен жайылымдық жер аясындағы жұмыстар тұрғанын мәлімдеді.

Жиын соңында Асқарбек Темірбекұлы азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдап, арыз шағымдарын тыңдады. Оны шешу жолдарын тиісті мекеме басшыларымен ақылдасты.

Ауылдарға сапарымызды одан әрі жалғастырып, Мәдениетпен іргелес жатқан Мырзабай ахун ауылына табан тіредік. Аталған ауылға жұмыс сапарымен ат басын бұрған біздер ауыл тұрғындарының ерекше ықыласына бөлендік. Ауылдың ақылгөй ақсақалдары мен ақсамайлы аналарын жинаған ел ағалары, оған қоса ауылдың белсенді жастары күтіп алды. Киелі мекен саналатын Мырзабай ахун ауылының қазіргі әкімі Әліби Байнахатов та тоқсан бойы атқарған шаруаларының түйінін тарқатып аудан басшысының қасынан табыла кетті.

Мырзабай ахун ауылының даму бағдарына көз салған біз кәсіпкерлікке бет бұрғандардың баршылық екенін байқадық. Ауыл халқының айтарлықтай өкпе-назын естімедік, тек елді мекенде мәдениет үйінің жоқтығы айтылды. Аядай ғана ауылдың тіршілігі тұралап қалды деуге келмейді. Үш көшеге жарықтандыру жұмыстары жүргізілсе, ауыл тұрғындары үшін ауыз су, аяқ судан мәселе туындамайды. Ауыл халқының сөзіне құлақ түрген аудан әкімі алдағы уақытта ауданға қарасты елді мекендерді дамыту мақсатында игі істер атқарылатынын жеткізді. Сапар барысында мырзабайлықтардың ұсыныс-пікірін де тыңдадық, дәрігерлік пунктке де аялдадық.

Айта кетейік, мұндағы медициналық көмек көрсететін орынның жағдайы мәз емес болып шықты. Ғимарат тым ескі, күрделі жөндеуді қажет етеді. Көзге көрініп тұрған бұл нысанның жай-күйіне қатысты сөз қозғаған өңір басшысы келесі жылға құны 410 млн теңге болатын аурухана құрылысы, сонымен қатар ауылдық клуб ғимаратының құрылысы басталатынын жеткізді. Әрине халық болғасын, мәселе де туындайды. Аудан әкімі де бастысы алға қойған мақсат барда атқарылатын істер толастамайтынын жеткізді.

Батыр атындағы ауылдың бірлігі бекем

Аудан әкімі Асқарбек Есжановтың сәрсенбі күнгі елді мекендерге жұмыс сапары Бұқарбай батыр ауылымен аяқталды. Арка алдынан бастап ауылдық клубқа дейін Асқарбек Темірбекұлы ауыл көркіне көңілі толып, көше тазалығына тамсанып жаяу жүріп барғаннан болар Бұқарбай батырда алдағы уақытта бірнеше атқарылатын жұмыстардың бар екенін жеткізді. Әрине нәтиже көзге көрініп тұрса, сенімнің де артатыны заңдылық.

Батыр атындағы ауыл халқы негізінен кәсіп ашып, оның өрісін кеңейтіп, табысқа кенелуге машықтанған. Аудандағы жарқын жобалардың басым бөлігі осы өңірге тиесілі екенін де жақсы білеміз. Кондитерлік өнім өндіретін цех, пескоблоктың бірнеше түрін өндіретін кәсіпорын, бәрі-бәрі осы ауылда әлі күнге дейін жұмыс жасап тұр. Жергілікті тұрғындар да күнделікті тұрмыста тұтынатын өнімін сатып алғаннан өздері өндіргенді құп көреді. Мәселен, ауыл тұрғындарының бірі дарияның сағасында отырып, бақша өнімдерін базардан сатып алуға мәжбүр екен. Ал оны өз ауласында ерте көктемде егіп, қыс түскенше жемісін көрейін десе, ауылдағы аяқ су мәселесі қолбайлау болып отыр.

Бұған қатысты аудан басшысы қазір аяқ судың мәселесі тек біздің өңірде орын алып отырмағанын, ол бүгінде елге ортақ мәселеге айналғанын жеткізіп, десе қазіргі уақытта аяқ су мәселесі толықтай шешілгенін айтты. Себебі егін шаруашылықтары 85 пайызы күрішті басып тастаған, енді аяқ судан тапшылық болмау керек. Мұнан кейін тұрғындар тарапынан ауыз су мәселесі де сөз болды. Қыста су алып отырған скважина қатып қалатын көрінеді. Бұл мәселе туралы аудан басшысы тиісті басшыларға қатаң бақылауға алып, дереу жұмыстар жүргізуді тапсырды. Өйткені алдымызда қыс мезгілі де алыс емес, үлгермей қалмауды ескертті. Сондай-ақ оқу жылы да басталатын уақыт таяды, соған орай интернет желісінің жылдамдығын реттеуді де тұрғындар сөзге тиек етті. Бұл мәселе де жақында шешімін табады екен. «Байтабын» ЖШС шаруа қожалығы жеке қаражытнан интернет желісінің жылдамдығын жоғарылатын бағаналы антенна алып беріпті, енді соны орналастыру жұмысы қалған. Тиісті мекемеге тапсырыс беріп те қойыпты, яғни жақын уақытта батыр атындағы ауыл халқы сапалы интернет желісін қолданатын болады.

Ауылда ауыз толтырып айтатын бірнеше жұмыстар атқарылған, жолдарына қарасаң айнадай түзу, болашаққа жоспарлаған істері де бар. Бастысы ауылда береке бар. Оның да ауызбіршіліктің арқасында кел¬генін біз жақсы білеміз.

Кездесу соңында ардагерлердің батасын алып, елді мекеннің тыныс-тіршілігіне қаныққан Асқарбек Темірбекұлы жақсы көңіл-күймен қайтты десек артық айтпаймыз.

Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ
Жандос ЖАЗКЕН

← 1,2

Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңында сыбайлас жемқорлыққа мынадай анықтама берілген: «Бұл – жеке түрде немесе делдалдар арқылы мүліктік игіліктерді заңсыз алу және мемлекеттік қызмет атқарушы тұлғалардың, сондай-ақ оларға теңестірілген тұлғалардың өз лауазымдық өкілеттіктері мен өкілеттеріне қатысты мүмкіндіктерін мүліктік пайда табу үшін жеке басына пайдалануы, сондай-ақ аталмыш тұлғаларға жеке және заңды тұлғалардың көрсетілген игіліктер мен жеңілдіктерді құқыққа қайшы түрде пара ұсыну жолымен сатып алуы».

Жемқорлықты жұмылғанда жеңеміз

Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелерін реттейтін ҚР қылмыстық кодексі, әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, Еңбек кодексі, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы, Қазақстан Респбуликасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі негізгі нормативтік құқықтық актілері болып табылады. Аталған заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамсыз етуге, жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған. Қоғамымыздың барлық саласына дендеп еніп бара жатқан жемқорлықтың жолына батыл тоқсауыл қойып, олардың зардаптарын жою және мүдделілерді жауапқа тарту бүгінгі күннің ең басты міндеттерінің бірі.

Әкімшілік және конституциялық реформалардың мәні мен мазмұны сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейтуге және оның көріністеріне мүлдем төзбеушілік сезімін қалыптастыру болып табылады. Мемлекет осы қауіпті құбылыспен қатаң және жан-жақты жоспарлы күрес жүргізуді басты мақсат етіп отыр.

Жалпы айтқанда мемлекеттік қызметкердің атына кір келтіретін әрекеттерден әркімнің де аулақ болғаны жөн. Бұндай заң бұзушылыққа қасақана барғандар қатаң жазаға тартылады. Әрине, ең алдымен бүгінгі бала, ертеңгі мемлекеттік қызметкердің отбасындаға тәлім-тәрбиесі дұрыс болуы ләзім және әрбір отбасы осы мәселеге аса мән бергені абзал.

Сыбайлас жемқорлықпен күрестің басты бағыты – оның алдын алу. Халқымызда «Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді» деген қанатты сөз бар. Сондықтан да құлқынның қамын ойлаған кейбіреулердің теріс әрекеті бүкіл ұжымға кері әсерін тигізбеуі үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірлесе, ымырасыз күрескеніміз дұрыс.

Гүлайым ҚАЙЫПБАЕВА,
аудандық қазынашылық басқармасының
бас маман-бас қазынашысы

Шаһмардан Есенов – 95 жыл



Тағдыр маған осы бір қазақтың біртуар азаматы, ғұлама ғалым, қоғам, мемлекет қайраткері Лениндік сыйлықтың иегері, алаштың ардақты азаматы Шахмардан Жорабекұлы Есеновпен өмірінің соңғы жылдары таныстырып, ағалы-інідей болып сыйластығымызды жарастырған болатын.

Академикпен осылай танысқан едім

1990 жылдың ақпан айы еді. Алматыға іс сапармен барғанымда, Қазақтың политехникалық институтының мұнай факультетінде оқитын баламның хал-жағдайын біле кетейін деп аталмыш институттың бас кешенінің екінші қабатындағы аудиторияларды аралап келе жатқанмын. Осы кезде екінші қабаттың кіреберіс есігінен ұзын бойлы, палуан денелі, үлкен көз жанарынан ақыл мен мейірімділіктің жалынын шашып тұратын, маңдайы жеті қарыс жігіт ағасы кезікті. Менің әр есіктегі жазуларға тесіліп оқып келе жатқанымды әбес көрді ме, күле сөйлеп «Ассалаумағалейкум» деп қос қолдап сәлем бергенде, бұрын-соңды көріп білмейтін өзімнен үлкен кісінің сәлем беруіне таңданып, бойымды тез жинақтап алдым. Мен де «Ассалаумағалейкум» деп қос қолдап сәлемдестім. Ол кісі менің тосын жағдайда қалғанымды сезді білем! – Осында балаңыз оқи ма? Қай факультет? Нешінші курс? деген сұрақтарды қоя бастады. Мен де сұрақтарға іле жауап бердім.

– Қай жердensіз? Қызылорда облысы, Жалағаш ауданынан екенімді айтқанымда, жүрісін баяулатып, бетіме тіктеп қарап, басымнан аяғыма дейін бір шолып өтті де, өзіне тән мейірімді жүзін байқатып, қолымды қайта алмасы бар ма..!

Соншалықты бұл кісінің бұрын-соңды танымайтын маған ықыласының түсуі, қайдан көрген кісім деп ойланып келемін. Түсі таныс, суретін газеттен, кітаптардан көрдім бе екен деймін. Менің жағдайымды түсініп келе жатқан ағай, ішке кірейік деп есікті кілтпен аша бастады. Есіктің маңдайындағы жазуға көз жүгірттім. «Жер қойнауындағы пайдалы қазбаларды зерттеп, оқытып үйрететін методика кафедрасының меңгеріушісі, Геология-минерология ғылымдарының докторы, профессор Ш.Есенов» деген жазу бар. Менің тағы да тесіле қарап оқығанымды көрді ме, ағай ішке енгізді. Орындық ұсынды, өзінің қызметінен қысқаша мағлұмат берді де ауылдың хал жағдайын сұрай бастады. Менде білгенімше жауап беріп отырдым. Көбінесе сұрайтыны ауыл адамдарының нарыққа көшу кезіндегі, тұрмыс тіршілігі, болашаққа деген сенімі. Бұл кісі менің жерлесім болып шықты. Қазақтың тау-кен институтын үздік бітіріп Қ.Сәтпаевтың шақыруымен Жезқазғанда қатардағы геологтен үлкен өндірістік геологиялық партияның бастығы, үкімет басшысының орынбасары, Республика ғылым академиясының президенті, академик қазіргі дүниежүзіне белгілі «Қара алтынның» отаны Бозашы, Үзен, Жетібай, мұнайлы өлке Маңғышлақ, Атырау облыстарындағы мұнай орындарының қорын ашып, оны өндіріске енгізген ғылыми еңбектері үшін Лениндік сыйлықтың иегерінің көңіл-күйін ой елегінен өткізгендей болдым. “Уақытыңызды көп алдым-ау” дегендей сыңай байқаттым. Шәкең отыра тұр деп ишарат білдірді. Менім ойыма студент шағым түсті. Қатардағы оқытушыға емтихан тапсырғандағы, біздің көңіл күйімізбен, ұлы ғұламаларға емтихан тапсырғандағы олардың алдарының кең болатындығын көзіммен көргендей болдым. Бір кезде Шәкең: – Жастар біздің келешегіміз, бұлар білімге де, өмірге де құштар, сондықтан да оларға сенім арта білу керек, – деген еді. Ұлы ғалыммен әңгімелесіп, қоштасарда үйдегі апайдың біздің ауданнан екенін айтқанда елең еткендей болдым. Келесі жылдың жаз айында еңбек демалысын алып, Алматыға барғанымда Шәкеңе барып сәлем бердім. Ол кісі балаша қуанып, жақсы қабылдады. Елдің хал-жағдайын тағы да сұрап, сұрақты жаудырумен болды. Менде білгенімше жауап беріп, біраз әңгімелестік. Ал уәде бойынша апаңа сәлем бересің деп үйіне шақырды. Сол күні апаймен танысып, еркін әңгімелестік.

Қандай ғанибет десеңші! Ертеңіне шәй үстінде Шәкең асығыс шаруа болмаса ертең біздің саяжайға барайық, істелетін жұмыс баршылық, өзімнің жұмыстан қолым тимейді, балалар қызметте деп өтініш айтты. Мен келісім беріп айтылған күн қарамағындағы бір профессордың көлігімен апай үшеуіміз саяжайға келдік. Сол кезде Шәкеңнің жеке көлігі де жоқ екен. Саяжай деген аты болмаса, ешқандай құрылыс салынбаған. Тек қана апайдың ұқыпты қолымен егілген көкөніс дақылдары тамылжып тұр. Ал Шәкең болса мына жерге мынаны саламыз, мынау былай болады деп өзінше мәз болуда. Сонда қайран Шәкең үш жылдан кейін бұл дүниеден өтетінін білді ме екен?! Менде өзіме үлкен сенімнің артылғанын жақсы түсініп, саяжайдағы болашақ үйдің іргесіне бетон құюға кірістім. Түсте жарты сағатқа үзіліс жасап, қас қарая межелеген жұмысты көзім қарауытып аяқтадым. Шәкең болса пайғамбар жасына келгендігіне қарамастан, дала кезіп, қайламен тас шауып, шынығып өскенін білдіріп жұмысты жапырып жіберетініне қайран қалдым. Түнделетіп үйге келдік те, кешкі астан ауыз тиіп төсекке құладым. Ертеңіне Шәкеңе келіп, “Батырым, шаршадың ба,” мен жұмысқа кетіп барамын, демал, апаңмен әңгімелес”, – деп өзіне тән күлкісімен жымия қарады. Апай Қызылордадағы педогогикалық институтта Сейітнәби Мұқашев сынды азаматтармен бірге оқыған екен. Елдегі өзі білетін азаматтарды сұрап, өзінің елдегі өмірінен хабардар етті. Кейіннен Шәкең айықпайтын науқасқа шалдыққанда екі рет барып хал-жағдайын білдім. Соңғы барғанымда Мәскеуге барып операция жасатып, емделіп үйіне келген кезі екен. Көңіл-күйі, сырқаты жанына батқанын білдірмей, менің әдейі келіп, сәлем бергеніме рахметін айтып, қатаң режимде отырғанына қарамастан асханаға шәй дайындатып, елде болып жатқан өзгерістерді менен есітті. Халықтың тұрмыс, хал-жағдайын сұраумен болды.

Қайран дүние-ай! 1994 жылы тамыз айының соңғы онкүндігінде Шәкеңнің дүниеден өткенін телехабардан естіп, Алматыға жетуге асықтым. Ағаның жерлеуіне үлгере алмай, атшаптырым асханада берілген азалы қонақасыға қатыстым. Шәкеңді соңғы сапарға шығарып салуға елден ағайын туыстары, облыс басшысы Сейілбек Шаухаманов ағамыз қатысты. Кешкісін ағайын туыстарымен отбасында болып құран бағыштадық. Сол бір сәт есімнен кетпейді. Үлкен жүректі ағаның ұлағатты сөзі әлі көкірегімде сайрап тұр.

Рысбай КӘРІМОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

Білгенге маржан

Біз көбіне ішкі ағзамызда қандай өзгерістер болып жатқанына мән бермейміз. Ол түгіл ауырғанда да әбден нашарлағанда ғана барып медицинаға жүгінеміз. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» дейміз де, сол қағидаға өзіміз қарсы шығамыз. Бұл айналып келгенде денсаулығымыздың біртіндеп нашарлауына, ағзамыздың әлсіреуіне алып келеді де, ақырында аурумен күресеміз.

Ағзаны тазалап тұрған абзал

Жалпы ауырмасақ та, ағзаны тазалап, дәрумендер ішіп тұрудың маңызы зор. Әсіресе қазіргі кезде ағзаны тазалау көптеген қауіп-қатердің алдын алады. Өйткені адамдар тұтынатын ас-ауқаттың көбі дайын фастфуд өнімдеріне айналып барады. Олардың зияны айтпаса да түсінікті. Ал енді ағзаны тазалауға қалай дайындаймыз? Соған көшейік.

Мәселен, бауыр, бүйрек, ішек және қан тамырлардағы жиналған шлакты төмендегі әдіспен тазалауға болады. Ішекті тазалау үшін 1 стақан салқын суды ыдысқа құясыз. Оған 1 шай қасық зығыр дәнін салып, отқа қойыңыз. Қайнауға жақындағанда оттан алып, сүзесіз. Дайын болған емдік сусынды ұйқыға жатар алдында ішесіз. Ал бауырды тазалау үшін 1 шай қасық шөпті 1 стақан суға араластырып, отқа қоясыз. 3-4 минуттай қайнаған соң оттан алып, сүзіп қоясыз. Дайын болған тұнбаны түскі тамақтан соң 1 сағаттан кейін ішесіз. Емді 1 ас қасықтан қабылдау керек. Бүйректі тазалаудың жолы оңай. Бұл ағзадағы шлакты шығару үшін сәлбен, лаванда, жалбыз және гүлшетен шөптерің майы қажет болады. Бұлардың бірнеше тамшысын 1 стақан таза суға араластырып, ішесіз. Татымы ұнамаса 1 шай қасық бал қосуға болады.

Бүйрекке арналған жиынтық та ағзаны керемет тазартады. Ол қоспаның ішінде қайың, қырықбуын, таран және арша болады. Бұл шөптерді кезектестіріп қолданасыз. Егер үнемі бір шөптің көмегіне жүгінсеңіз, ағза соған ғана үйреніп қалады. Бастысы кез келген әдісті қолданғанда мөлшеріне аса мән беріңіз. Тым артық немесе тым кем болса да кері әсерін беруі мүмкін.

Дайындаған Нұр НАУАН

Спорт

Дүбірлі додада саңлақтар дара шапты

Бұрын жалағаштықтар үлкен додаларда спорттың бірнеше түрінен топ жарып, аудан мерейін үстем етсе, бүгінде барлық спорт түрінен тәжірибелі мамандар да, жеңімпаздарымыз да жетерлік. Әрине бұл өңір спортында соңғы жылдары айтарлықтай серпін қалыптасқанын аңғартады. Ал жалағаштықтар бұл жетістікке қалай жетті, оң нәтиженің қалыптасуында қандай себептер бар? Бұл сауалдардың түйінін тарқатуға ден қойған кез келген жан «Наркескен» спорт клубының бүгінге дейінгі атқарған жұмысын һәм тарихын айналып өтпесі хақ.

Иә, биыл аудандағы аталған спорт клубына 10 жыл толып отыр. Осынша уақытта бұл ұжым жастарды шыңдап, олардан білікті, тәжірибелі спортшылар қалыптастырды. Қазір мақаламызға, әлгінде ғана айтқан пікірімізге тұздық болу үшін «Наркескен» шыңдаған спортшыларды тізе берсек, бір еңбекке жүк болары анық.

Осы аптада Ғалымжан Ержанов басшылық ететін аталған спорттық клуб 10 жылдық мерейтойын қорытындылады. Он екі спорт түрінен өткізілген аудандық турнирлерге 500-ге жуық спортшы мен бірнеше команда қатысып, өзара бақ сынасты.

Орталық стадионда өткен шараның ашылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары Жасұлан Еспенбет бірнеше күнге жалғасатын бұл доданың маңыздылығына тоқталып, барлық қатысушыларға сәттілік тіледі.

– Баршаңызды спорт күнімен және «Наркескен» спорт клубының 10 жылдығымен құттықтаймын. Спорт – қай заманда да, қай қоғамда да шекарасы шектеусіз, ел мен елді, ұлт пен ұлтты жақындастыратын бейбітшілік ойыны. Тарихымызға көз жүгіртсек, кешегі кеңестік дәуірде қазағымыздың талай ұл-қыздарының есімі алтын әріппен мәңгіге жазылды. Күш атасы Қажымұқан, желаяқ Әмен Тұяқов, аяқдоп шебері Тимур Сегізбаев, былғары қолғап шебері Әбдісалан Нұрмаханов сынды ағаларымыз – біздің ардақ тұтар азаматтарымыз. Ел егемендікке қол жеткізіп, өз алдына тәуелсіз мемлекет болғаннан кейін спортқа деген көзқарас ерекше мәнге ие болды. Талай тарландарымыз, дүниежүзілік біріншіліктерде, халықаралық олимпиадаларда қазақ деген ұлттың қандай екенін әлемге паш еткенін жақсы білесіздер. Қазір салада саңлақтар қатары артып, әлемдік додаларға көптеп қатысатындай деңгейге жетті. Бүгінде әр ауылда, әр ұжымда спорт алаңдары бар. Жалағаш ауданының өзінде спорттың бірнеше түрімен айналысуға мүмкіндік беретін 150 нысан болса, олардың 29-ы спорт зал. Ол ғимараттарда бүгінде 110-ға жуық сала маманы еңбек етеді. Аудандағы 2 спорт мектебінде 1592 баланың қалаған спорт түрімен айналысуына мүмкіндік туып отыр. Әрине аудан спортшылары – біздің мақтанышымыз. Биылдың өзінде Жалағашта 7 облыстық, 2 аудандық жарыс өтті. Жергілікті спортшылардың үлкен додаларда топ жарып, Жалағаштың мерейін үстем еткенін бүгінгі шарада мақтанышпен айтуға болады. Ел намысын қорғап жүрген Тынарбай Тілеген, Мадияр Айдосұлы, Ерасыл Әубәкір, Абдулхасан Сейтенов, Ислам Мәжиев, Қайсар Төлеген, Әсел Бейсенбай, Арайлым Оразбай, Ақылбек Серік, Алсина Жұмабек, Қарлығаш Алтынбек, Перизат Сейітмұраттың есімдерін бүгінгі мерекеде құрметпен атап өтуіміз керек. Спорт – күштілер мен ептілердің, батырлар мен шеберлердің сайысы. Бүгін жалауы көтерілгелі отырған спорттық сайыстарға кент және ауылдық округтерден 500-ге жуық спортшы қатысқалы отыр. Осындай аламан сайыста бақ шаба ма, бап шаба ма, ол жағын уақыт көрсетеді. Баршаңызға сәттілік тілеймін, – деді Жасұлан Ерданұлы.

Мұнан кейін Әнұран шырқалып, гір спортынан «Наркескен» спорт клубының аға жаттықтырушысы, Азияның екі дүркін чемпионы Абдулхасан Жанатұлы салтанатты шараның алауын жақты. Ал сала ардагері Қуандық Ахметов соңғы жылдары аудан спортының алға басқанын тілге тиек етіп, онда «Наркескен» спорт клубының өзіндік қолтаңбасы барын да жасырмады.

– Бүгін ауданда «Наркескен» спорт клубының 10 жылдық мерекесі аталып өтуде. Бұл ұжымның жастардан үлкен спортшылар қалыптастырғанын мойындауымыз керек. Ауданда кезекті үлкен доданың алауы жағылды. Бұл шараның маңызы жоғары екенін өздеріңіз де жақсы білесіздер. Баршаңызға сәттілік тілеймін, жеңіске шын мықты қол жеткізсін. Осындай додалардың өңірде көптеп ұйымдастырылуының арқасында ауданда қазір спортпен айналысушылар қатары артты. Аудан спорты дамудың даңғыл жолына түсті. Тек осы қарқынды жоғалтпауымыз керек. Ал «Наркескен» спорт клубы алдағы уақытта да өз деңгейінде жоғары дәрежедегі спортшылар қалыптастыру жолында жұмысын жалғастыра береді деген сенімдемін, – деді сала ардагері.

Бас төреші Мұрат Жаңаберген жарыстың шартын түсіндіргеннен кейін аудандағы бірнеше нысанда дүбірлі дода басталып кетті. Оның сөзінше, бірнеше күн бұрын сайыстың бағдарламасы мен шарты барлық командаларға, жекелеген спортшыларға таратылған. Он екі спорт түрінен өткен сайыс күні кеше қорытындыланды.

Үлкен шараны ақпараттандыру мақсатында алдымен біз «Наркескен» спорт клубына аялдадық. Мұнда сайыстың бірінші күні нәзікжандылардан құралған бірнеше команда валейболдан бақ сынады. Сондай-ақ дәл осы нысанда гір спортынан Жалағаштың жігіттері өзара мықтыны анықтады.

Әйелдер арасында 9 команда қатысқан волейболдан аудандық турнир тартысты өтті. 3 топтан айқын басымдықпен алға озған кент пен Еңбек, Таң ауылының спортшылары келесі кезеңге шықты. Ақтық мәреде кенттің нәзікжандыларынан құралған «Жалағаш жастары» жеңімпаз болса, екінші орынға Еңбек ауылының спортшылары тұрақтады. Ал Таң ауылының спортшылары үздік үштікті түйіндеді.

Гір спортына ауданнан 14 адам қатысты. Бірінші болып серпе көтеруден күш сынаған Азамат Зауребаев 32 келілік екі гір тасын 50 мәрте көтерді. Ал Бұқарбай батыр ауылының екінші спортшысы Ислам Мәжиев жерлесінен 1 ұпай кем түсті. Мұнан кейінгі 9 спортшы да Азамат Зауребаевтың алдына шыға алған жоқ. Бұл сайыста алғашқы екі орынды батыр атындағы ауылдың қос жігіті өзара бөліссе, үздік үштікті Дәуімбай елді мекеніндегі З.Жарқынбаев атындағы №202 орта мектептің намысын қорғаған Ақмырза Мырзаш түйіндеді.

Дәл осы күні 201 мектеп-лицейінде шахматтан аудандық турнир қатар өтті. 22 адам қатысқан ой шеберлерінің сайысы 5 турдан тұрады. 10 сағатқа ұласқан тартысты бәсекеде үздік үштікті Ақсу ауылынан келген Ғабит Мақсұмов түйіндеді. Ол бұл сайыста 5 кездесу өткізіп, екеуінде есе жіберсе, үшеуінен басым түсті. Ал екінші орынға жайғасқан Таң ауылының тұрғыны Мұхамедәли Мұратбекұлы 5 кездесудің төртеуінде жеңіске жетіп, бір ғана қарсыласына есе жіберді. Жарыстың жеңімпазы, Бұқарбай батыр ауылының тумасы Гаухар Жұмабаева қарсылас шақ келтірмеді.

Т.Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейінде өткен тартысқа толы сайыста 10 команда баскетболдан бақ сынады. «А» тобынан дара шапқан «Ақсу» мен «31 мектеп-гимназиясы» командасы келесі кезеңге жолдама алса, «Б» тобынан «Наркескен» мен «Ақарық» командасы алға озды.

Жартылай финалда «Наркескен» мен «31 мектеп-гимназиясы» командасы тең түсіп, төреші 6 минут қосымша уақыт белгіледі. Доданың бұл кезеңінде басым болған мерейтой иелері ақтық мәреге жолдама алды. Ал «Ақарық» пен «Ақсу» командалары арасындағы сайыста батыр атындағы ауылдық жігіттері қарсыласын айқын басымдықпен жеңді.

Осылайша бұл турнирдің финалында «Наркескен» мен «Ақарық» командалары жүздесті. Ақтық мәреде аз ғана ұпаймен мерейтой иелерінің бағы басым болды.

№201 мектеп-лицейінде дәл осы спорт түрінен нәзікжандылардан құралған бірнеше команда бақ сынаған болатын. Нәтижесінде үшінші орынға «Қаракеткен» командасы қол жеткізді. Ал екінші орынға сайыс қорытындысымен кент орталығындағы №123 мектеп-лицейі ұжымынан құралған команда лайық деп танылды. Жарыстың бас бәйгесі «Ақсу» командасына бұйырды.

№202 орта мектепте жалағаштық жігіттерден құралған 13 команда волейболдан сынға түсті. Екі топтан келесі кезеңге «№123 мектеп-лицейі», «Еңбек», «Наркескен», «№202 орта мектеп» және №123 мектеп-лицейінің жастарынан құралған командалар шықты. Сайыстың бас бәйгесі «Еңбек» командасына бұйырды. Ал екінші орынға Т.Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейінің жастары жайғасса, үздік үштікті мерейтой иелері түйіндеді.

Спорттық клубтың 10 жылдығына арналған салтанатты шарада қазақтың ұлттық спортына да кезек берілді. Дәл осы күні орталық стадионда жалағаштық шабандоздар ат спортынан теңге ілу мен аударыспақтан сынға түсті. Алдымен теңге ілуден өзара мықтыны анықтаған шабандоздар бақ сынап, бабы мен бағы қатар шапқан жігіттер жүлделі орындарға жайғасты.

11 шабандоз жүлдеге таласқан ұлттық спорттың бұл түрінде Аққұм ауылының тумасы Нұрхан Досбол қарсылас шақ келтірмеді. Ал екінші орынды қанағат тұтқан ақсулық Бақытбек Айтмағанбет 14,34 секундта 2 теңге ілді. Үздік үштікті қорытындылаған аққұмдық тағы бір спортшы Қайыржан Сағатбек 17 секундта 1 теңге ілді.

Мұнан кейін кезек аударыспаққа берілді. 3 салмақта өткен шабандоздар мен палуандар бәйгесінде алдымен 70 келі салмақтағы 7 спортшы өзара мықтыны анықтады. Бұл додада аққұмдық Мақсұт Тұрмахан 6 кездесу өткізіп, барлық қарсыласын аттан аударды. Ал екінші орынға жайғасқан оның жерлесі Ғаламат Әуесбай 6 кездесудің бесеуінде жеңіске жетіп, бір ғана қарсыласына есе жіберді. Үшінші орынға ие болған Аққұм ауылының тағы бір тумасы Димаш Шәкір 4 рет жеңіске жетіп, 2 рет қарсыласының бағы басым болды.

Ал 80 келі салмақта 6 спортшы бақ сынады. Тартысты додада үздік үштікті түйіндеген аққұмдық Әлфараби Өміртай 5 кездесудің үшеуінде жеңіске жетіп, екі рет қарсыласына есе жіберді. Екінші орынға жайғасқан Жаңадария ауылының тумасы Айбатыр Шоқан 4 рет жеңіске жетіп, біреуінде қарсыласына жол берді. Жарыстың бас бәйгесі Аққұмның намысын қорғаған Бағдат Үдербайға бұйырды. Бұл додада оған қарсылас шақ келмеді.

Жарыстың бұл түрінде көрерменге шабыт сыйлаған 90 келі салмақтағы шабандоздар мен палуандар арасындағы дода болды. Бұл салмақта аударыспаққа 6 адам қатысып, бас бәйгені Бұқарбай батыр ауылының спортшысы Бөгенбай Таңсықбай еншіледі. Ал 4 мәрте жеңіске жетіп, 1 рет қарсыласына жол берген аққұмдық Ерұлан Қуанышбайға екінші орын бұйырды. Үздік үштікті Бұқарбай батыр ауылының тағы бір тумасы Нұрсұлтан Таңқай түйіндеді. Ол бұл бәсекеде 3 рет қарсыласын аттан аударса, екі мәрте өзі де тақым суытты.

Аймақтың кез келген өңірінде футбол немесе футзалға қатысты пікірталас туындаса, жалағаштықтардың спорттың бұл түріне бейім екені, талай додада ауданның аяқдоп шеберлері топ жарғаны әңгімеге арқау болады. Оған өзіміз де бірнеше мәрте куә болдық. Демек Жалағашта спорттың бұл түрінде атқарылған жұмыстар өз нәтижесін беріп жатыр. Қазір футболдан немесе футзалдан жалағаштық жүлдегер командалар жетістігін жазар болсақ, тағы да бір еңбекке жүк болары анық. Жұмыс бар, нәтиже де жоқ емес. Кешегі «Наркескен» спорт клубының 10 жылдығына арналған футзалдан тартысты бәсекеде жалағаштық аяқдоп шеберлерінің расында спорттың бұл түріне төселгені ойын барысында анық байқалды.

16 команда қатысқан тартысты бәсеке 2 күнге жалғасты. Бірінші күні 4 топтан 8 команда келесі кезеңге жолдама алды. Бірінші күні алғашқы ойын «Таң» мен «Сұңқар» командалары арасында өрбіді. Кенттің жігіттерінен құралған «Сұңқар» ә дегеннен қарсыласының адымын аштырмады. Өз қақпасына 3 гол соқтырған ауыл жігіттері ойын соңында жұбаныш голын соғып, кездесу 1:3 есебімен қорытындыланды. Мұнан кейін қос команда алаңды «Ақарық» пен «Мақпалкөл» командаларына босатып берді. Бұл кездесу 2:2 есебімен қорытындыланып, қос команда 1 ұпайды қанағат тұтты.

«Адия» мен «Аққұм» командалары арасындағы ойында да қақпаға тоғытылған гол саны көп болды. Мұнда «Адияның» аяқдоп шеберлері қарсыласын 8:1 есебімен айқын басымдықпен жеңді. Ал «Ақсу» мен «Жастар» командасы арасындағы ойында аудан іргесіндегі ауылдың аяқдоп шеберлері 4:0 есебімен жеңіске жетті. Кешке дейін «Аққыр» мен «Еңбек», «Өрт сөндіру бөлімі» мен «Қаракеткен», «М.Шәменов» пен «Бұқарбай батыр», «Мәдениет» пен «Жаңадария» командалары өзара мықтыны анықтады.

4 топтан келесі кезеңге 8 команда жолдама алды. Келесі күні алғашқы ойын «Сұңқар» мен «Қаракеткен» командалары арасында өрбіді. Бұл кездесуде 4:9 есебімен қаракеткендік жігіттер жеңіске жетті. Ал «Өрт сөндіру бөлімі» мен «Ақарық» командалары арасындағы ойында қос команда тең тарқасты. Мұнан кейін аяқдоп шеберлері 7 метрлік айып добы арқылы келесі кезеңнің жолдамасын сарапқа салды. 2:3 есебімен Есет батыр ауылы жігіттерінің бағы басым түсіп, жартылай финалға жолдама алды.

«Ақсу» мен «Мәдениет» командаларының кездесуінде ақсулықтар қарсыласының қақпасына жауапсыз екі гол тоғытты. «Бұқарбай батыр» мен «Жастар» командасы арасындағы кездесуде жалағаштық жастардың бағы басым болды. Қақпасында 4 мәрте доп тулаған батыр атындағы ауыл жігіттері жұбаныш голын соғумен шектелді.

Жартылай финал, 4 команда, «Қаракеткен», «Ақарық», «Ақсу» және «Жастар» командасы. Ақтық мәренің жолдамасы кімге бұйырады? Алаң сыртындағы жанкүйерлер үшін «Турнир жеңімпазы кім болады?» деген сауалдан осы сұрақтың жауабы қызық болып тұр. Алдымен алаңға «Қаракеткен» мен «Ақарық» командалары шықты. Жартылай финалда қаракеткендік жігіттер қарсыласының адымын аштырмады. Қақпасында 9 мәрте доп тулаған «Ақарық» командасы жұбаныш голын соғумен шектелді.

Ал «Ақсу» мен «Жастар» командасы арасындағы кездесу драмаға толы ойын болды. Десе де бағы мен бабы қатар шапқан «Ақсу» 3:2 есебімен жеңіске жетіп, ақтық мәреге жолдама алды. Осылайша финалда «Қаракеткен» «Ақсумен» кездесті. Қарсыласының қақпасына жауапсыз 2 гол соққан Қаракеткен жігіттері турнир жеңімпазы атанды. Ал үздік үштікке үмітті «Жастар» мен «Ақарық» командалары арасындағы ойында 4:1 есебімен Жалағаш жастары жеңіске жетті.

«Наркескен» спорт клубында шараның екінші күні білектілер өзара мықтыны анықтады. 2 салмақ бойынша өрбіген қол күресте алдымен 75 келі салмақта 17 спортшы күш сынасты. Сайыс қорытындысымен бас бәйге Андрей Бекзатқа бұйырды. Мәдениеттіің намысын қорғаған бұл спортшы 5 кездесудің барлығында қарсыласынан басым түсті. Ал екінші орынға жайғасқан Айдос Қойтбаев ақтық мәреге дейін 4 кездесу өткізіп, финалда қарсыласына есе жіберді. Үздік үштікті түйіндеген Бақытжан Қуанышбек қорытынды орын үшін таласта кент спортшысынан басым түсті.

75 келіден жоғары салмақта дәл осы спорт түрінен 18 азамат өзара мықтыны анықтады. Білектілер бәйгесінде қарсылас шақ келтірмеген Ерлан Жақсылық жарыс жеңімпазы атанды. Ал екінші орынға жайғасқан Алмат Тажмахан ақтық мәреге дейін 4 кездесу өткізіп, барлығын да жеңіспен қорытындылады. Үздік үштіктен үмітті Нұрсейіт Қуанышбеков пен Нұрлан Сенбеков арасындағы бәсекеде Мырзабай ахун ауылының спортшысы Нұрсейіт Қуанышбековтың мерейі үстем болды.

«Наркескен» спорт клубының 10 жылдығына арналған шарада бірнеше ұлттық спорт түрінен тартысты турнир өтті. Солардың қатарында «Асық ату» мен «Бес асық» та бар. «Асық атуға» ауданнан барлығы 15 спортшы қатысып, бас бәйге Есет батыр ауылының намысын қорғаған Шынболат Теміржанға бұйырды. Ал екінші орынға жаңаталаптық Нұрлан Дүбірбаев жайғасса, үздік үштікті дәл осы ауылдан келген Өркен Серікбай түйіндеді.

«Бес асыққа» да барлығы 15 спортшы қатысты. Жарыс қорытындысымен бірінші орынға кент тұрғыны Марал Айтпанова ие болды. Ал екінші орын Мәдениеттен келген Гүлдана Қаппароваға бұйырса, үшінші орынға кент тұрғыны Алтыншаш Әбжаппарова жайғасты.

12 команда қатысқан арқан тартыста ақсулықтардың мерейі үстем болды. Ал екінші орынға «Наркескен» спорт клубы жайғасса, үздік үштікке Жаңаталап ауылының спортшылары жайғасты.

Күні кеше 10 жылдық мерейтойға арналған дүбірлі додалар қазақ күресімен қорытындыланды. Палуандар бәйгесінде екі салмақ бойынша 36 спортшы күш сынасты. Алдымен 80 келі салмақтағы палуандар бозкілемде өзара мықтыны анықтады. Бұл салмақта бас бәйге жалағаштық Ақылбек Серікке бұйырды. Ал екінші орынға қармақшылық Ерлан Жақсыбеков жайғасты. Үздік үштікті Мәдениет ауылының тумасы Байғали Қалдыбек түйіндеді.

100 келі салмақта 16 спортшы күш сынасып, жарыс қорытындысымен «Жалағаш барысы» атанған кент тұрғыны Жайдарбай Есеновке қарсылас шақ келмеді. Ал екінші орынға жайғасқан ақсулық Ұласқан Алпысбай бозкілемде тек ақтық мәреде қарсыласына есе жіберді. Үшінші орын аймақтың бас шаһарынан келген Саламат Жұрқабаевқа бұйырды.

Төрт күнге жалғасқан дүбірлі додалар легі осылай қорытындыланды. Жалпы жалағаштықтардың бірі іс бастаса, оған жұмыла қолдау көрсетуі дәстүрге айналған. Кеше қорытындыланған шараның да өз деңгейінде өтуіне аудандағы «Қарабура Ата-1» ШҚ төрағасы Дастан Ержанов, құрылысшы Әділет Даниял, «Сәрке батыр» ЖШС төрағасы Ерлан Оңласынов, «Ақбозтай» ШҚ төрағасы Абай Боранқұлов, жеке кәсіпкер Ержан Жайлыбаев, Арман Ильясов, Нүркен Базарбай, Байтанас Төлегенов, «Мираж» ШҚ төрағасы Төрехан Бақтыбаев сынды азаматтар демеушілік етті. «Көп түкірсе, көл» деген осы.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Меншік иесі:
«Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3075 Тапсырыс № 1356

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ